



ТІЛШІ КӘСІБІН ӨЗГЕРТТІ



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

ЕҢБЕКПЕН ТАПҚАН НАН ТӘТТІ



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫМЕН 2025 ЖЫЛ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРҒА АРНАЛДЫ. ӘР САЛАДА ЕЛЕУЛІ ҮЛЕСІ БАР, АЛАЙДА ЕҢБЕГІ ЕЛЕУСІЗ ҚАЛЫП ЖҮРГЕН КӘСІБИ МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІ АЗ ЕМЕС. ӘР КҮНІ СІЗ ЖЫЛЫ КЕҢСЕГЕ КІРІП, ЫСТЫҚ КОФЕҢІЗДІ ІШІП ОТЫРҒАНДА, ОЛАР СУЫҚ ТЕХНИКАНЫ ҚЫЗДЫРЫП, ТЕМІР ПЕШТЕРДІ ЖАНДЫРЫП, ТЕМІР ЖӘШІКТЕРГЕ ЛЫҚ ТОЛЫ ҚОҚЫСТЫ ЖИЫП-ТЕРІП ЖАТАДЫ. ОЛАРСЫЗ СІЗДІҢ КЕҢСЕҢІЗ ЖЫЛЫП, ЖАРЫҚ ПЕН СУЫҢЫЗ УАҚЫТЫЛЫ ҚОСЫЛАМАС ЕДІ. «БІЗ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫН ДӘРІПТЕУ АРҚЫЛЫ ҚОҒАМДА ЕҢБЕКҚОР ЖӘНЕ НАҒЫЗ МАМАН БОЛУ ИДЕЯСЫН НАСИХАТТАЙМЫЗ! АДАЛ ӘРІ ТАБАҢДЫ ЕҢБЕГІМЕН ТАБЫСҚА ЖЕТКЕН АДАМДАР ҚАШАҢДА ҚҰРМЕТТІ, СЫЙЛЫ БОЛУЫ КЕРЕК. БІР СӨЗБЕН АЙТҚАНДА, БІЗДІҢ ҚОҒАМДА ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ, КӘСІБИЛІК СИЯҚТЫ ҚАСИЕТТЕР ӨТЕ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНУҒА ТИІС. ӨЗ КӘСІБІН ЖЕТІК МЕНДЕРГЕН МАМАНДАР ҰЛТ САПАСЫН АРТТЫРАДЫ. ЖҰМЫСТЫҢ ЖАМАНЫ ЖОҚ, КЕЗ КЕЛГЕН ЕҢБЕК ҚАДІРЛІ!» ДЕГЕН ЕДІ ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ.

▶▶▶ 6-бетте

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗ БАСТАУ АЛҒАН КҮН



2 бет

МӘСЕЛЕ

МӘМС МӘСЕЛЕСІНЕ МӘН БЕРІҢІЗ



4 бет

КИБЕРҚЫЛАМЫС

ОНЛАЙН ОЙЫН ОПЫҚ ЖЕГІЗІП ОТЫР



5 бет

АқпаратPrint 8 702 132 03 32
8 778 891 57 72 Атамбаев к-сі, 7

ПОЛИГРАФИЯ

- * КІТАП
- * ЖУРНАЛ
- * ВИЗИТКА
- * ФИРМАЛЫҚ БЛАНК
- * САЙЛАУ БЮЛЛЕТЕНІ
- * ШАҚЫРУ
- * ФЛАЕР
- * АФИША
- * ҚАТТЫ ЖӘНЕ ПРУЖИНДІ ТҮПТЕУ
- * СЕРТИФИКАТ, ДИПЛОМ
- * АДРЕСАТ
- * МАҚТАУ ҚАҒАЗЫ
- * АЛҒЫС ХАТ
- * ҚОЙЫН ДӘПТЕР
- * КҮНТІЗБЕ
- * АС МӘЗІРІ

СУБЛИМАЦИЯ әдісімен сурет басу

- * шыныаяққа;
- * матаға;
- * жейдеге;
- * бас киімге
- * қағаз сөмкелер;
- * жапсырмалар;
- * кампит қорашшалары

СЫРТҚЫ ЖАРНАМА

- * БАННЕР
- * МАҢДАЙШАЛАР
- * ОРАКАЛ
- * АНШЛАГ
- * X БАННЕР
- * ҮЛКЕН ФОРМАТТЫ ЖОБАЛАР БАСУ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Алты елді мекен ауыз сумен қамтылады

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, ауыл инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде шалғай елді мекендерді сапалы сумен, түзу жолмен, табиғи газбен қамтамасыз ету бойынша ауданымызда атқарылып жатқан жұмыстар аз емес.

Жалпы аудан бойынша 15 су тазарту қондырғысы жұмыс жасайды. Бүгінде оның 11-і қайта жаңғыртудан өткізілді. Ал су тазарту қондырғылары жоқ Есмахан, Көздіқара, Томан, Атамбаев, Бала Ораз, Кеңөріс елді мекендерінде де басталған су желісінің құрылыс жұмыстары толықтай аяқталған соң, алдағы уақытта пайдалануға берілетін болады.

Аудан әкімдігі тарапынан аталған елді мекендерге іргелес ауылдық округ орталықтарының су тазарту қондырғыларынан су желілерін жүргізуге облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына сұраныс беріліп, нәтижесінде биылғы жылға Есмахан, Көздіқара, Бала Ораз, Атамбаев елді мекендеріне су желісінің құрылысына жобалау жұмыстары аяқталып, мемлекеттік сараптамадан өтті. Оған қоса осы елді мекендерге ауыз су жүргізу мақсатындағы құрылыс жұмыстарына 845 650,0 мың теңге қаржы бөлінді. Бүгінгі күні құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Атап айтқанда, Көздіқара елді мекенінде құрылыс жұмыстары аяқтауға жақын, Есмахан және Атамбаев, Бала Ораз елді мекенінде жұмыстар аяқталды, - дейді аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Ж.Төлеуғалиев.

Ауыз су желісін жүргізу, жазғы су құбырларын жаңғырту жұмыстары Жалғансай ауылында да жалғасып жатыр. Ауылдың жаңа мәртеке аудандарына су желісін жүргізу бойынша құрылыс жұмыстарына 1 000,0 мың теңге қаржы бөлініп, жеңілпаз болып танылған мердігер мекеме «Сұңқар Құрылыс LTD» ЖШС-мен келісімшарт жасалған. Ал, жазғы су құбырын жаңғырту үшін құрылыс жұмыстарына жергілікті бюджеттен 1 000,0 мың теңге, облыстық бюджеттен 330 782,0 мың теңге қаржы бөлініп, мердігер мекеме «TESS-PROJECT» ЖШС құрылыс жұмыстарын толықтай аяқтады.

Б.САПАРОВА

